

Ж.Ж.Жарылғапов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: zharylgapov\_zhan@mail.ru)***Жаһандану үдерісіндегі әдебиеттік тәрбие**

Мақалада қазіргі кезеңдегі әдебиет дамуы және қоғамда жүріп жатқан күрделі әлеуметтік-психологиялық мәселелер қарастырылды. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасыр басындағы ғылыми-техникалық процестің әдеби шығармашылыққа тигізген ықпалы талданды. Қоғамның адамгершілік негізін нығайтудағы гуманитарлық саланың, мәдениет пен өнердің рөлі, қажеттілігі жайында талдаулар жасалды. Қазақ әдебиетінің тарихындағы адам, оның гуманистік принциптері мысалға алына отырып, қазіргі кезеңдегі эстетикалық өлшемдерге назар аударылды. Ұрпақ тәрбиесіндегі әдебиеттің қазіргі жағдайы, бұл тараптағы күрделі мәселелердің шешілу жолдары көрсетілді.

*Кілт сөздер:* қазіргі қазақ әдебиеті, ғылыми-техникалық прогресс және әдебиет, әдебиеттік тәрбие, жаһандану және ұлттық әдебиет, әдеби үдеріс.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы ғылыми-техникалық қарыштау, адамдар санасының ақпараттық тасқындар астында қалуы, технократтық өзгерістер мен жаңалықтар алдыңғы қатарға шыққан кезең болды да, адам феноменіне қатысты күрделі мәселелерді күн тәртібіне шығарды. Соның нәтижесінде адам тұлғасын қалыптастырудағы, қоғамның адамгершілік негізін нығайтудағы гуманитарлық саланың, мәдениет пен өнердің рөлі, қажеттілігі жайында пікірлердің молая түскендігін көріп жүрміз. Бұл орайда адам баласының ақыл-ойы мен сезімінің, эстетикалық дүниетанымын қалыпташтын әдебиеттің орны айрықша.

Адам факторы, оны зерттеп-зерделеу әдебиеттің айнымас мақсаты, мәңгілік тақырыбы ғана емес, жалпы көркемдік дамудың басты бағытын айқындайтын адастырмас темірқазығы. Әдебиет қоғамдық-тәрбиелік, эстетикалық категориялар тұрғысынан табиғат әлемін, қоғамдық құбылыстарды, жеке адамның рухани-психологиялық болмысын өзіне объект етеді. Ішінара бөлшектеніп кететін бұл мәселелердің әдебиет арқауы ретіндегі орны үнемі өзгерісте болады, дамиды.

Сайып келгенде, әдебиеттің қоғамдық және эстетикалық маңызы адам, оның танымы мен тағдырынсыз ашылмайды. Әдебиеттің басқа өнер түрлерінен айырмашылығы мұндағы образдардың, яғни адамның, көркем сөзбен сомдалатындығында. Сондықтан да адам жанының диалектикасының ашылу дәрежесі сөз өнерінің интеллектуалдық және эстетикалық байлығының өлшемі болып қала береді.

Қазақ халқының рухани-келбет болмысы мен ұлттық табиғаты оның ғасырлар бойы қалыптастырған өнерінде, әдебиетінде, фольклорында, мифологиялық дүниетанымында, этнографиясында айшықталып келді. Әдебиеттегі ұрпақ тәрбиесі мәселесі қойылысының ерекшеліктерін көрсетуіміз үшін адам туралы ойлардың осындай ғылыми негізін, тарихи-мәдени алғышарттарын ашу аса маңызды. Өйткені әр халықтың рухани дамуы барысында адам мәселесінің өзгеріп, әлеуметтік-тарихи, өмірлік тәжірибелермен байыпталып отыратындығы, өмір мен адам мұраттарының өзара байланысы түрленіп отыратындығы белгілі.

Байырғы қазақ ауыз әдебиетіндегі халықтық дүниетаным табиғат пен адамды тұтастық күйде қарастырады. Мұнда адам табиғатқа қарсы қойылмайды, қайта адамды табиғаттың бөлінбес бір бөлшегі деп есептеу басым. Қазақ сөз өнеріндегі бұл ерекшелік әлемдік ауқымда алғанда антик дәуіріне, ортағасырлық кезеңге де тән.

Мәселен, фольклор жанры — ертегілердің негізгі сюжеттерінің дені мифтік санада туды. Көбіне адам іс-әрекеттері телінетін мифтік бейнелер — Таусоғар, Көлтаусар, Желаяқ, Жарғаққұлақтар адал істің, ерліктің дем берушілері. Мұнда ежелгі қазақ танымының адамға деген гуманистік көзқарасының негізі жатыр. Яғни ауыз әдебиеті мұраларындағы ұғым-түсініктер бойынша адам — ең басты құндылық.

Сол тәрізді бүкіләлемдік гуманистік ойдың құрамдас бөлігі болған жыраулар поэзиясы өсиеттік желілерді жетілдіре отырып, адамның өзіндік дамуы қоғамдық дамумен деңгейлес болуы шарт екенін айта бастады. Яғни қоғамдық қатынастардың дамуы мен адамның рухани байлығының арасында теңсіздік тұмауы тиіс. Асан, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқарлардың мұраларында осы жай ерекше ескеріліп адамның іс-әрекеті мен табиғи болмысын сол кездің тарихи ерекшелігімен, қоғамдық

қозғалыспен етене біріктіріп, тұтастырып отырды. Осыдан келіп елдік, бірлік идеялары дәріптеле бастады.

Өскелең ұрпақ тәрбиесінде әлі күнге дейін маңызын жоймай келе жатқан Ы. Алтынсарин шығармалары қоғамның кереғар құбылыстарын, адам бойындағы жалқаулық, талапсыздық, білімсіздік, ынсапсыздық, салақтық, талғамсыздық, көрсеқызарлық т.б. сияқты мінездерді әшкере етеді. Ең басты назар аударатын мәселе — адам мен оның әлеуметтік ортасының кемшіліктерінен арылуда ұлы ағартушы ашық күреске шақырмайды, төңкерісшілдік амалдарды ұсынбайды. Бұл — ағартушылардың барлығының дүниетанымдық қырларына қатысты жағдай. Ыбырай әлемдік ағартушылар қалыптастырған идеялық бағдар — адамды тәрбиелеуге болатынына, оның ортасын тәрбиелеу арқылы адам бойындағы ізгі қасиеттерді қалыптастыруға болатынына, бір сөзбен айтқанда, сана эволюциясына иек артты. Ы. Алтынсариннің көркем шығармалары таза педагогтық мақсаттан туындауы себепті олардағы дидактизмге бірінші көңіл бөлінді.

Мектеп, жоғары оқу орындарының бағдарламаларында қарастырылып келе жатқан Абай, Шәкәрім кезеңін оқытуда мына жайттар басты назарда болуы тиіс деп ойлаймыз. Абай творчествосына айрықша көңіл бөлінген мәселе — ойшылдың адамды жеке индивид, жеке рухани құндылық ретінде қарастырғаны. Басқа да ағартушылар сияқты әдебиеттің қоғамды түзеу мен адам мінезін тәрбиелеу сияқты маңызына айрықша мән берді. Басқа елдер қол жеткізіп жатқан білім мен мәдениетке жақындау, жастарды игі жолға шақыру жаңа талаптағы әдістемелер арқылы сауаттандыру арқылы іске асатыны жөніндегі ұстанымы оның өмірлік кредосы мен шығармашылығының бұлжымас идеялық бағытына айналды. Яғни әлеуметтік орта адамның рухани жағынан қалыптасуының ең негізгі факторы. «Адам баласын заман өстіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват» («Отыз жетінші сөз») тұғырнамасын негіздеді. Абай қоғамды адамгершілік қағидаларына сай жасақтау мен адам бойындағы кемел қасиеттерді қалыптастырудың төңкерістік формасын таңдаған жоқ. Қара сөздердің идеялық арқауында сананы бірте-бірте қайта қалыптастыру, адам мінезін тәрбиелеуге болатынына деген сенім жатты. «Адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» принципі идеялық бағыттың мызғымастығына қызмет жасады.

Ал бұл мәселеге келгенде Шәкәрімнің басты нысанасы — адамның интеллектуалдық ерекшелігі. Ақынның ғылым мен адам арақатынасының мәнісіне үңілген шығармаларында адамның ақыл-ой артықшылықтары жөнінде күрделі түйіндер жасалады.

Әсіресе Шәкәрімнің ғылыми философияға ден қоюы, жеке тұлғаның интеллектуалдық қасиеттерінің рөлі жайындағы ойлары бұл мәселеге шын мәнінде жаңаша келудің үлгісі ретінде қымбат. Шәкәрім поэзиясына үңіле отырып, мына бір жайға көз тоқтатпау мүмкін емес. Ол ақынның адам ақыл-ойының жемісі — ғылымға деген көзқарасы. Бұл турасында Шәкәрім Құдайбердіұлы өзіне дейінгі айтылған, дәстүрге айналған ағартушылық бағытты ұстана отырып оқшау ой айтады. Ақын ғылымды насихаттаудағы, оның рөлін танудағы бүкіладамзаттық гуманистік принциптерді басшылыққа алады.

Оның пікірінше, ғылым адамзатқа игілікті міндет бола тұра, кері әсерін тигізетін, қауіпті ахуал да туғызады. Бұл тікелей адам феноменіне қатысты. Ғылым тек адамзат қауымының рухани дамуын ескере даму керектігі жөніндегі ақынның ойы қазақ әдебиетінде маңызды идея болды.

*Шын залымға берме ғылым, ол алар да оқ қылар,*

*Қаруым дер, кісі атып жер, ол ғылымды хайла етер [1], —*

деп жырлаған Шәкәрім адамның интеллектуалдық артықшылықтары тек гуманистік арнадан табылуы керектігін ескерте отырып, адамның нақты-тарихи мәнін адамгершіліктік творчестволықпен сабақтастырады.

Қарап отырғанымыздай, қоғамның әрбір даму кезеңі адамға, оның өміріне ақыл-ойына деген бірін-бірі толықтырып отыратын сан алуан көзқарастар туғызып келді. Ғасырлар бойы толастамаған адамның мән-маңызы жайлы ой-толғамдардың тарихына шолу барысында адам мен өнердің бір-біріне тікелей қатыстылығы, біртұтастығына тағы да көз жеткіземіз. Сонау көне дәуірдегі өнер мен адам қарым-қатынасына бөлекше тоқталған себебіміз қадым замандардан бастап атом заманына дейінгі болған адам тұлғасын қалыптастыру ұлттық эстетикалық ойды әу бастан толғандырған іргелі мәселе болғанын таныту еді.

Әдебиетіміздің ертедегі бастауларынан ХХ ғасырға дейінгі дәуірде ұрпақ мәселесі көркем ойдың әрбір тарихи белесінде өз жаңашылдықтарымен көрініп отырғанына куә боламыз.

Ал XX ғасыр ғылым мен техниканың қарыштап дамыған, автоматика мен кибернетиканың ғасыры болды. Адам ақыл-ойдың нәтижесінде космосты игеруге, оны зерттеуге жол ашты, түрлі есептеу машиналарын, компьютерлерді дүниеге әкелді. Физика, химия, медицина, биология, техника т.б. ғылымның салаларында ұлы жаңалықтар туды. Адам баласы ядролық реакторды, атомдық бомбаны ойлап тапты. Гендік инженерияда жануарлар мен өсімдіктердің жаңа түрлерін тудыра бастады. Адамдардың дене жұмыстарына роботтар мен манипуляторларды қолданысқа енгізу тәжірибелері жасалды. Қысқасын айтқанда, ғылыми-техникалық қарыштау қоғамдық-әлеуметтік сананың барлығында ықпалын күшейтті.

Қысқа уақытта болған орасан зор өзгерістер адамның табиғи болмысына әсер етпей қалмады. Ғылыми-техникалық төңкеріс адамның материалды өндіріс дәрежесіне игі ықпал еткенімен, рухани құндылықтар жөніндегі мәселелерге тірелді. Түрлі қырып-жою қаруларының жасалуы планетарлық апаттың болу мүмкіндігін күшейтті. Адамның ойлау қызметін алгоритмдеу, ойлау процесіне жүктелген кейбір міндеттерді есептеу машиналарының үлесіне берудің нәтижесінде ойлау процесінің формалды сипаттары барынша қалыптаса бастады. Бұл адам факторының барған сайын орны төмендей бастауына алып келді.

Осыншалық көкейкесті мәселелердің қордаланып қалуы ендігі уақытта гуманитарлық сфераның — мәдениеттің, әдебиеттің тарихи-рухани даму процесітегі жетекші рөлі туралы жаңаша көзқарастарды туғыза бастады. Қазір көркем шығармашылықтың адам тұлғасын қалыптастырудағы мәні қайта қарастырылуда. Өйткені мәдениет пен көркем өнердің бұрын-соңды болып көрмеген қажеттілігі сезіліп отырғандай.

Адамзат дағдарыстың осыншалық шегіне жете бастаған кезеңде әдебиеттің орны жайлы басқа да ғылым салаларының өкілдері баса айтады. Мәселен, физика маманы, академик А.Б.Мигдал: «Сегодня нравственный закон внутри нас стал вопросом жизни и смерти человечества. Мы начинаем понимать как отстала общественная мораль от развития науки, и долг литературы — уменьшить этот разрыв, утверждая нравственные ценности» [2], — дейді.

Жаһандану дәуіріндегі адамға деген түрлі қарым-қатынасты Батыс Еуропа, Америка жазушылары қазіргі кезеңдегі ең күрделі мәселе ретінде зерттей бастады. Мұнда белгілі бір заңдылық та бар. Өйткені шапшаң дамыған экономика ең алдымен адам санасындағы өзгерістермен сәйкеспей отыр. Кейінгі жылдары қазақ әдебиетінде де дәуір талабына сай ұлттық кейіпкерді сомдау қажеттілігі айқын сезілуде.

Жаһанданудың адам тұлғасының гуманистік және ұлттық өлшемдеріне тигізер ықпалына төтеп беру үшін бізге алаштық тұғырнамаға, Алаш әдебиетінде қалыптасқан құндылықтарға негізгі бағдар ұстану қажет. Өйткені өскелең ұрпаққа әдебиет арқылы тәрбие беруде нақты бір тұжырымдама жасап алуымыз тиіс.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Құдайбердіұлы Шәкәрім. Жолсыз жаза: өлеңдер мен поэмалар. — Алматы: Жалын, 1988. — 87-б.
- 2 Мигдал А.Б. Что я читаю сегодня: Ответ на анкету // Лит. газета. — М., 1989. — 4 янв. — С. 3.

Ж.Ж.Жарылғапов

### Литературное воспитание в процессе глобализации

В статье рассмотрены сложные социально-психологические проблемы общества и современной литературы. Определено влияние научно-технического процесса на литературное творчество в XX – начале XXI веков. Проанализирована роль культуры и искусства, их влияние на формирование гуманизма в гуманитарной области. Акцентировано внимание на человеке в истории казахской литературы, на эстетических ценностях современности на примере гуманистических принципов. Показаны пути решения сложной проблемы в воспитании подрастающего поколения в современной литературе.

## Literary education in process of globalizations

In article considered difficult social- psychological problems of society and modern literature. Defined influence of scientific and technical process on literary creativity at the XX beginning of XXI centuries. Analyzed a role of culture and art, their influence on forming of humanism in a humanitarian area. Accented attention is on a man in history of Kazakh literature, on the aesthetic values of modernity on the example of humanistic principles. Shown the ways of decision of difficult problem in education of rising generation in modern literature.

### References

- 1 Kudayberdyuly Shakarim. *Zholsyz zhaza: verses and poems*, Almaty: Zhalyyn, 1988, p. 87.
- 2 Migdal A.B. *Chto I read today: Answer to the questionnaire* // *Litas. newspaper*, Moscow, 1989, January, 4.

УДК 82.0

Л.Р.Шевлякова

*Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова (E-mail: viva\_lubov@mail.ru)*

### Пространство дома в романе Л.Улицкой «Медея и ее дети»

В статье проанализированы художественные средства воссоздания реального пространства героев произведения, выявлена динамика перерастания реального пространства дома главной героини в устойчивый мотив, играющий структурообразующую роль в произведении. Автором статьи показано как через воссоздание различных аспектов внешнего мира героев проявляется их характер, внутренний мир и их отношение к миру внешнему.

*Ключевые слова:* Людмила Улицкая, женская проза, философско-психологическая проза, пространственное поле, образ дома, замкнутое пространство, внешнее (бытийное) и внутреннее (психологическое) пространство, психологический образ, мотив порога, «чужое» пространство, локус.

Людмила Улицкая вошла в современную литературу как создатель нового женского романа. Её произведения можно назвать «прозой нюансов» [1]. Тончайшие проявления человеческой природы и детали быта выписаны у нее с особой тщательностью, она облакает их в одежды яркого незаурядного языка и представляет читателю. Ее повести и рассказы проникнуты совершенно особым мироощущением, которое, тем не менее, оказывается близким очень многим.

В настоящее время существует много различных мнений по поводу того, к какому направлению относится творчество Л.Улицкой. Большинство исследователей считают, что оно непосредственно связано с женской прозой. Сама же Л.Улицкая никогда публично не возражала против рассмотрения ее творчества в рамках женской прозы, тем не менее, в одном из интервью она выразила свое недовольство попытками систематизации литературы по половому признаку: «Тем, кому приходилось составлять каталоги чего угодно, прекрасно известно, что нужен принцип, по которому сортируются предметы. Это может быть алфавит, год рождения автора, его пол или национальность. Или, например, место жительства. Каждый из этих принципов имеет право на существование. Если кому-то удобно систематизировать литературу по половому признаку, это его полное право. Мне кажется, что разумнее подходить по жанровому принципу. Но я от прежних лет сохранила большое отвращение к систематизации как таковой и всегда предпочитаю рассматривать произведение искусства и литературы как личную встречу, как переживание. А «М» и «Ж» гораздо более важно в тот момент, когда останавливаешься перед общественной уборной, соображая, в какую дверь тебе следует войти» [2].

А.Молчанов в своей статье «Настоящая женская проза, или Феномен Людмилы Улицкой» пишет: «Намеренно прибегнув к этой общественно-сортирной терминологии, писательница выразила явное раздражение в адрес тех, кто называет ее прозу женской. Позиция знакомая и, в общем-то, по-